

«БІЛГЕНІҢІЗ МАҢЫЗДЫ!»

Астана қаласы әкімдігінің КММ-нің
«Дін проблемаларын зерттеу орталығы»
сенім телефоны: +7 (7172) 78 22 88
e-mail: cigr_2013@mail.ru
www.religii.kz, www.dinder.kz



ЖАДЫНАМА

ЖАДЫНАМА

«БІЛГЕНІҢІЗ МАҢЫЗДЫ!»

Деструктивті жалған діни ұйымдар – бұл адам санасын улап, бостандығы мен құқықтарына қол сұғып, тәні мен жанына үлкен зардап келтіретін ұйымдарды айтамыз.

Деструктивті культпен жалған діни ағымдардың басты белгілері:

1. Ең бірінші орынға адамның өзінің бас пайдасы емес, діни басшылық және діни ұйымдар мүддесі қойылған.
2. Әрдайым ұйым мүшелерінің бостандығын және жеке өмірін қадағалауға талпынуы. Күнделікті өмірлерін қатал бақылап, ақпараттар алмасуға шектеу қойылады.
3. Әдейі әлемдік діндердің қасиетті жазуларын өздерінің догмаларына арнайылап бұрып алып, басқа әлемдік діндерді «ақиқаттан адасқан» деген жала жабулары.
4. Әрдайым жалған діни ағымдар қатарына жаңа адамдарды арнайы адам санасын арбай алатын техниканы қолдану арқылы жаңа қосылған адамдарға өз үстемдіктерін жүргізе бастайды.
5. Екі түрлі оқудың болуы: бірі арнайы мәртебеге ие болғандар адамдарға арналған, екіншісі, олар енді табалдырықты аттап басқан адамдарға арналған оқулар.
6. Иерархиялық сатылардың қатал сақталуы.
7. Өздерін таңдаулылар қатарында деп есептеп, басқа діндерге және ұлттық рухани құндылықтардан бас тартуы.
8. Арнайы қарапайым адамдар түсінбейтін сөздіктер мен сөздер қолдануы.
9. Миссионерлік (діни ілімді таратушы) қызметтер қызу түрде атқарылып, газет-журналдар көшеде таратылып, БАҚ желілерінде өздерін жарнамалауы.
10. Басқалардан ерекшелену үшін олардың арнайы киімдер киюі және ұйым мүшелеріне өздерінің діни ғибадаттарына байланысты арнайы аттар берілуі арқылы өздерін сол ағым қатарының адамы екенін білдіреді.
11. Жастарды діни ұйым мүшелеріне тарту үшін әртүрлі жиналыстар өткізеді.
12. Білім беру аясында үлкен қызуғышылық білдіреді, өздерінің білім беру орталықтарын ашып, діни кітаптарды тегін таратады.

Жалған діни ұйымдар мен деструктивті діни ұйымына ұзақ уақыт мүше болғаннан кейін әсері:

- ✓ Жеке тұлғалық қасиетті жоғалтуы;
- ✓ Күйзеліс;
- ✓ Таңдау кезінде қиындықтар болуы;
- ✓ Қатты қобалжу, күйзеліс әсерінен;
- ✓ Психологиялық дамудың баяу болуы;
- ✓ Өзіндік сезім қасиеттерінің жоғалуы;
- ✓ Психологиялық қалыпты жүйенің бұзылуы және елестер көруі;
- ✓ Ұйым сыртында басқа адамдармен қарым қатынас орнату қиындауы;
- ✓ Ұйқының бұзылуы, жаман түстер көру;
- ✓ Жыныстық қиындықтар;
- ✓ Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері және т.б.

Жалған діни ағымдар мүшелерімен кездескен кездегі сіздің әрекетіңіз:

- ✓ Сіздерге көшеде таянған уағыздаушылармен тілдеспеу.
- ✓ Егер сізге діни бағыттағы газет-журналдар ұсынса, сыпайы түрде бас тартыңыз.
- ✓ Бір діни жиналысқа қатыспас бұрын үйдің ішіндегі ата-аналарыңызбен және жақындарыңызбен ақылдасқаныңыз жөн.
- ✓ Діни жиналыстарға немесе діни ұйымға жалғыз бармаңыз, өзіңізбен бірге достарыңызды ертіп барыңыз.
- ✓ Діни ұйымдарға білместікпен барған жағдайда екі жаққа бөліп алып кетуге тырысса, онда ол діни ұйымнан күдіктенуге болады.
- ✓ Сену немесе сенбеу – бұл сіздің шешіміңіз. Шешім қабылдар алдында ойланыңыз, бұл сізге керек пе? Ойланып қабылданған шешім бұл сіздің денсаулығыңызды және өміріңізді аман сақтап қалуы мүмкін.